



Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)

8-сынып, I тоқсан



Білім. Ғылым. Инновация.

**«Рухани жаңғыру» -тарих пен
инновацияның сабақтастығы**



Бүгінгі сабақта

Сіздер:

Мәтіннің түрлерін анықтайсыңдар

Мәтінді талдап, негізгі ойды

табасыңдар.



Өткен тақырыпты пысықтау

-Ғажайып планета жайлы не айтасыңдар?

-«Рухани жаңғыру» дегенімізді қалай түсінесіңдер?

-қазіргі инновациялық жаңашылдықтар туралы не айтасыңдар?



25 бет, 4-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

«Тіл тарихы» үйірмесінің жетекшісі — Зүбәйра апай — жазбаларды зерттеген ғалым. Біз үйірмеде түркі тілдері, шумер тілдері туралы қызықты мәліметтермен танысамыз. Апай: «Инновацияның басты мақсаты — жаңаны табу, **белгісізді** тану, **жоғалтқанды** іздей білу. Осы жолда сендерге ақпараттық технологиялар қызмет етеді», — дейді.

Мен жақында ғаламтордан Олжас Сүлейменовтің «Қыш кітаптың» тарихы жайында жазған сөзін тауып алдым. Ақын: «...Мен үшін поэма жылдан-жылға поэзиялық та, тарихи да мән-мағынамен толыға түсуде. Ой-ниет ассириялық хроникаларда б.з.д. VII ғасырда болған нақты оқиға туралы хабарды оқығаннан кейін басталды», — дейді.

«Ғалым болу үшін өз тіліңе деген шексіз махаббат керек екен» деген ой түйдім. Көне жазбадан бір ғана сөзді «көре алу» керек! Жаңашылдық деген — осы! Инновация — талмай іздену арқылы өткенді жаңғырту, болашақты болжау екен! Ел Президентінің «рухани жаңғыру» деген сөзінің мәнін енді түсіндім. Рухани жаңғыру — тарих пен инновацияның алтын көпірі!

«Қыш кітап» пен «Ғажайып планетаның» арасын байланыстыра алу да — инновация! Ғылым мен білімдегі жаңашылдық! Әрбір түлек осыны түсінсін!

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Сөйлемдерді оқы. Тарихи деректерді есіңде сақта.

Ой-ниет ассириялық хроникаларда б.з.д. VII ғасырда болған нақты оқиға туралы хабарды оқығаннан кейін басталған. Каспий өңірінің солтүстігінен келген көшпелілер Иранды басып өтіп, Ассирияға кірген. Оны бағындырып, алып, жиырма сегіз жыл билеген. 200 жылдан кейін Геродот та өзінің «Тарихын» жазған кезде осы оқиға туралы мәліметті кездестірген.





ОҚЫЛЫМ, АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттардың дұрыстығын тексер. Қате ойларды түзетіп айт.

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
Балалар үйірмеде қазіргі заман тілдері туралы қызықты мәліметтермен танысады		
«Инновацияның басты мақсаты — ақпараттық технологиялармен таныстыру», — дейді Зүбәйра апай.		
400 жылдан кейін Геродот өзінің «Тарихын» жазған кезде осы оқиға туралы мәліметті кездестірген.		
Рухани жаңғыру — бүгін мен болашақтың алтын көпірі!		



Бүгінгі сабақта сіздер:

-ақпаратты талдадыңдар

-мәселені күнделікті өмірмен
байланыстырдыңдар

-өз ойын қорыта алдыңдар

Рефлексия


«Бес саусақ тәсілі»

Кімге
көмектестім

қандай
жетістікке
жеттім

Не үйрендім?

Ұсынысым



Көңіл күйім